

**«EcoBatys 2.0» әлеуметтік жобасын іске асыру шеңберінде  
үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге  
конкурс өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге арналған конкурс туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) гранттық конкурсты (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Оператор) «EcoBatys 2.0» әлеуметтік жобасын іске асыру шеңберінде «Шелл Қазақстан Б.В.» компаниясы филиалының (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мемлекеттік емес грантын пайдалана отырып Конкурс өткізеді.

Бұл жоба жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру және үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі - ҰЕҰ) үшін 7 000 000 (жеті миллион) теңгеден 9 (тоғыз) мемлекеттік емес грант беру арқылы Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған.

Әрбір өңірде жобаларды іске асыру үшін берілетін мемлекеттік емес гранттардың саны – 3 (үш), яғни жоғарыда көрсетілген әрбір облыста осы Ереженің 1.3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген үш бағыттың әрқайсысы бойынша 1 (бір) гранттан болады.

1.2 **«EcoBatys 2.0» әлеуметтік жобасының мақсаты** – Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарында қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша тұрақты бастамаларды іске асыру арқылы Қазақстанның 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі стратегиясын ілгерілетуге үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғамды тарту.

1.3 **«EcoBatys 2.0» әлеуметтік жобасының міндеттері:**

1) көрсетілген өңірлерде экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған жобаларды мынадай 3 бағыт бойынша іске асыру:

а) Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану (мысалы, су ресурстарының сапасын сақтау, ауыз су сапасының нашарлауы, ірі өзендердің таяздануы, судың қалдықтармен ластануы және т. б.);

б) Жер ресурстарын қорғау және қалпына келтіру, тұрақты жер пайдалану (мысалы, сарқылу және шөлейттену, судан және желден эрозия, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластану, бұзылған жерлерді қалпына келтіру, топырақтың құнарлы қабатын сақтау және т. б.);

с) Биологиялық әртүрлілік пен экожүйелерді сақтау және ұтымды пайдалану (мысалы, табиғи тіршілік ету ортасын бұзу, жергілікті түрлердің ығыстырылуымен немесе жойылуымен бірге жүретін жаңа түрлерді енгізу, жағалау мен теңіз экожүйелерінің ластануы және т. б.);

2) әлеуметтік желілер мен БАҚ-та гранттардың іске асырылуын ақпараттық жария ету арқылы жергілікті тұрғындар, жергілікті атқарушы органдар және (немесе) бизнес-қоғамдастық арасында көрсетілген өңірлердегі экологиялық жағдай туралы хабардар болуды арттыру;

3) өңірлердің экологиялық мәселелерін шешуде жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру.

1.4 **Мемлекеттік емес гранттарды іске асыру мерзімі** – 2023 жылғы сәуір – қазан.

1.5 **1 (бір) мемлекеттік емес гранттың сомасы** - 7 000 000 (жеті миллион) теңге.

1.6 **Мемлекеттік емес гранттарды іске асыру аумағы** – Батыс Қазақстан, Атырау немесе Маңғыстау облыстары.

1.7 **Мемлекеттік емес гранттарды іске асырудан күтілетін нәтижелер:**

1) көрсетілген өңірлерде экологиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу;

- 2) үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық бастамаларына тартылған азаматтардың санын арттыру;
- 3) көрсетілген өңірлердегі экологиялық проблемалар туралы хабардар азаматтардың санын арттыру.

## **2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

2.1 Конкурса қатысуға мынадай өлшемшарттарға жауап беретін үкіметтік емес ұйымдар жіберіледі:

- 1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы» ҚР Заңының 5-1-бабына сәйкес Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында мәліметтері қамтылған;
- 2) тіркелген сәттен бастап кемінде 3 ай әрекет етіп келген;
- 3) өтінімге сай мемлекеттік емес грантты іске асыру өңірінде (Батыс Қазақстан, Атырау немесе Маңғыстау облысы) орналасқан және/немесе сонда филиалдары бар;
- 4) тарату процесінде тұрмаған, банкрот деп танылмаған;
- 5) атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі жоқ;
- 6) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрмаған;
- 7) мүлкіне тыйым салынбаған;
- 8) экономикалық қызметі тоқтатылмаған;
- 9) басшылар, құрылтайшылар террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмеген;
- 10) басшылар, құрылтайшылар тапсырыс берушінің және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтын;
- 11) мемлекеттің және (немесе) мемлекеттік органдардың ұйымның жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы жоқ;
- 12) құрылтайшылар мемлекеттік/квазимемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері болып табылмайтын, сондай-ақ құрылтайшылар мен қызметкерлер арасында саяси маңызы бар адамдар жоқ;
- 13) ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында соттылық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ ұйымның алдыңғы шарттық міндеттемелерін жосықсыз орындау фактілері жоқ.

2.2 Конкурса қатысуға келесі өлшемшарттарға жауап беретін өтінімдер жіберіледі:

- 1) осы Ереженің 1.3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жобалар бағыттарына, осы Ережеде көрсетілген мемлекеттік емес гранттарды іске асыру сомасына, аумағына, мерзімдеріне сәйкестігі;
- 2) өтінім нысанына толық сәйкес келуі және осы Ереженің 3.3-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды қоса отырып ресімделуі;
- 3) Операторға осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде енгізілуі;
- 4) Операторға толық және дәйекті ақпарат ұсынылуы.

2.3 Үкіметтік емес ұйымдардың 2022 жылы «EcoBatys» әлеуметтік жобасы шеңберінде өздерінің іске асырылған жобаларын ұсынуына жол берілмейді.

2.4 Мемлекеттік емес гранттар үкіметтік емес ұйымды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, үкіметтік емес ұйым кеңсесін жалға алуға, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды көздемейді.

2.5 Бағыттардың әрқайсысы бойынша 1 (бір) іске асыру өңірінде бір үкіметтік емес ұйымнан 1 (бір) ғана өтінім беруге жол беріледі. Бұл ретте 1 (бір) үкіметтік емес ұйымға 1 (бір) жобаны ғана іске асыру үшін тек 1 (бір) грант беріледі.

### 3. КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Үкіметтік емес ұйымдардан Конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдер Операторға 2023 жылғы «16» қаңтар мен «30» қаңтар аралығында Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:30-ға дейін енгізіледі. Көрсетілген мерзімдерден кейін енгізілетін өтінімдер қарастрылымайды.

Бұл ретте Оператор Тапсырыс берушімен келісім бойынша өтінімдерді қабылдауды аяқтау мерзімдерін ұзарту құқығын өзіне қалдырады. Мерзімдер бойынша өзгерістер Оператордың ресми сайтында жарияланады.

3.2 Өтініш беруші Конкурсқа қатысу үшін өтініш берушінің атауы мен контактілері көрсетілген қажетті құжаттарды PDF электрондық форматында WinRar/WinZip мұрағатталған файлында [grants@cisc.kz](mailto:grants@cisc.kz) электрондық поштасына жіберу арқылы енгізеді.

3.2.1 Қажетті құжаттарды жіберген кезде өтініш беруші толтырылған және қол қойылған өтінім нысанын және құрылтай құжаттарының көшірмелерін бірыңғай құжатта (PDF) жібереді.

#### 3.3 Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беру Конкурсына қатысуға өтінім;

2) құрылтай құжаттарының көшірмелері (өзекті күнге egov сайтынан тіркелген заңды тұлға туралы анықтама, барлық енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар жарғы, құрылтай шарты (бар болса), қол қоюшының жеке басын куәландыратын құжат және өтініш берушінің атынан өтінімге қол қоюға өкілеттігін растайтын құжат, өтініш берушінің уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі немесе егер өтінімге өтініш берушінің атқарушы органының басшысы қол қоймаған жағдайда сенімхат).

Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

3.4 Қажет болған жағдайда Оператор өтініш берушіден Тапсырыс берушінің талабы бойынша Конкурсқа және (немесе) Жобаға қатысы бар қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

3.5 Конкурсқа қатысуға жіберілген үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін тексеру және грант алушыларды анықтау 2 кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең: Конкурс талаптарына техникалық сәйкестікке өтінімдерді тексеру және «Эко-инкубатор» шеңберінде әлеуетті арттыру бойынша тренингтер өткізу;

Екінші кезең: бірінші кезеңнен өткен өтінімдерді онлайн таныстыру мен бағалау және грант алушыларды анықтау.

3.6 **Бірінші кезең шеңберінде** Оператор мен Тапсырыс беруші өтінімдердің осы Ереженің өлшемшарттары мен шарттарына сәйкестігін тексереді.

3.6.1 Оператор өтінімдердің осы Ереженің 2.1-тармағының 1) – 9) тармақшаларына, 2.2-тармағының 1) – 3) тармақшаларына, 2.3, 2.4 және 2.5-тармақтарына сәйкестігін тексереді және өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тексеруді аяқтайды.

3.6.2 Тапсырыс беруші өтінімдерді осы Ереженің 2.1-тармағының 10) - 13) тармақшаларына және 2.2-тармағының 4) тармақшасына сәйкестігін тексереді және өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тексеруді аяқтайды. Тапсырыс беруші көрсетілген мерзім ішінде өтінім берушілердің белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы Қорытынды дайындайды және Операторға ұсынады.

3.6.3 Өтінім осы Ереженің 2.2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, сондай-ақ 2.3, 2.4 және 2.5-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Оператор өтініш берушіге көрсетілген мерзімдер ішінде сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

3.6.4 Хабарламаны алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш беруші Операторға ескертулерді ескере отырып, сәйкестікке келтірілген құжаттарды қайта ұсынады.

3.6.5 Оператор осы Ереженің 2-тармағының шарттарына сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіге Конкурста қатысудан бас тартады және тиісті хабарлама жібереді.

3.6.6 Өтінімдерді техникалық сәйкестікке тексеру қорытындысы бойынша Оператор «Эко-инкубатор» шеңберінде әлеуетті арттыру жөніндегі тренингтерге жіберілген өтініш берушілердің тізімін жасайды және өзінің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

3.6.7 Оператор мен Тапсырыс беруші 2.1-тармақ бойынша сәйкессіздіктер анықталған жағдайда конкурстың кез келген кезеңінде кез келген өтініш берушіге конкурста қатысудан бас тартуға құқылы.

3.7 «**Эко-инкубатор**» шеңберінде өтініш берушілер гранттық өтінімдердің әлеуетін арттыру және күшейту үшін оқыту семинар-тренингтерінен өтеді.

3.7.1 «Эко-инкубаторды» өткізу мерзімі өтініш берушілерге «Эко-инкубатор» шеңберінде әлеуетті арттыру жөніндегі тренингтерге жіберу туралы хабарлама жіберілген кезден бастап 3 (үш) аптаға дейінгі мерзімді құрайды. Өткізу форматы – онлайн.

3.7.2 Семинар-тренингтер 1.3-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тақырыптар мен әлеуметтік жобалау тақырыптары бойынша кестеге сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі. Семинар-тренингтердің жалпы саны – 8 (сегіз).

3.7.3 Семинар-тренингтерге қатысу үшін әрбір өтініш берушіден кемінде 1 (бір) өкіл анықталуы тиіс.

3.7.4 2-ден (екіден) артық семинар-тренингке қатыспаған өтініш берушілер Конкурстың екінші кезеңіне жіберілмейді.

3.7.5 «Эко-инкубатордан» өту шеңберінде өтініш берушілер қажет болған жағдайда осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтінімдердің мынадай бөлімдеріне өзгерістер енгізуге мүмкіндігі бар:

1) III бөлім «Жоба туралы»: 6-т. «Әлеуметтік жобаның сипаттамасы», 11-т. «Әлеуметтік жобаның нәтижелері, жоспарлы нысаналы индикаторлар», 13-т. «Әлеуметтік жобаны ақпараттық сүйемелдеу қалай ұйымдастырылады»;

2) IV бөлім «Күнтізбелік жоспар»;

3) V бөлім «Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы» (жобаның жалпы сомасын және 2.4-тармақта көрсетілген шығыстарды қоспағанда).

3.7.6 Осы Ереженің 3.7.5-тармағында көрсетілмеген бөлімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

3.7.7 3.7.5-тармаққа сәйкес өтінімнің бөлімдеріне өзгерістер енгізілген жағдайда, тиісті бөлімдердің жаңартылған нысандары қол қойылған түрде және жеке (өтінімнің толық нысанынан бөлек) Операторға осы Ереженің 3.3-тармағындағы Оператордың электрондық поштасына PDF форматында «Эко-инкубатор» аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Бұл ретте Оператор Тапсырыс берушімен келісім бойынша өтінімдердің өзгертілген бөлімдерін қабылдауды аяқтау мерзімдерін ұзарту құқығын өзіне қалдырады.

3.7.8 Оператор өтінімдердің өзгертілген бөлімдерінің осы Ереженің 2.4, 3.7.6 және 3.7.7-тармақтарына сәйкестігін өтінімнің бөлімдерін алғаннан кейінгі келесі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тексереді. Көрсетілген тармақтарға сәйкессіздік анықталған жағдайда өтінімдер Конкурстың екінші кезеңіне жіберілмейді.

3.7.9 Оператор Конкурстың екінші кезеңіне өткен өтінімдер тізімін жасайды және өзінің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

3.8 Конкурстың **екінші кезеңі шеңберінде** Сараптама комиссиясының мүшелеріне бірінші кезеңнен өткен өтінімдер қарастыру үшін жіберіледі.

3.8.1 Өтінім берушілер оларға алдын ала жіберілген кестеге сәйкес Сараптама комиссиясының алдында өз өтінімдерін (жобаларын) таныстырады және қорғайды.

3.8.2 Өтінімдерді (жобаларды) таныстыру бекітілген регламент шеңберінде еркін форматта онлайн өткізіледі.

3.8.3 Барлық өтінімдер (жобалар) таныстырылғаннан кейін Сараптама комиссиясы оларды осы Ережеге 2-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес 3 (үш) өңірдің әрқайсысында 3 (үш) бағыттың әрқайсысы бойынша бағалайды.

3.8.4 Жеңімпаздар Сараптама комиссиясының бағалау қорытындысы бойынша жинаған балдарының жалпы саны негізінде анықталады. Әрбір өңірде осы Ереженің 1.3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген 3 (үш) бағыттың әрқайсысы бойынша бір грант беріледі.

3.8.4.1 Сараптама комиссиясының барлық мүшелерінің бағалау қорытындылары бойынша ең жоғары жиынтық 225 (екі жүз жиырма бес) балдан 90 (тоқсан) және одан аз балл жинаған өтінімдер жеңімпаз ретінде айқындалмайды.

3.8.5 Сараптама комиссиясының Төрағасы Конкурс жеңімпаздарын айқындау кезінде шешімдер қабылдауды біржақты тәртіппен тыйым салуға (вето) құқылы. Балдар тең болған кезде Сараптама комиссиясы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.8.5.1 Егер Сараптама комиссиясының бағалау қорытындылары бойынша осы Ереженің 3.8.4.1-тармағында көрсетілген себеппен қандай да 1 (бір) өңірде қандай да 1 (бір) бағыт бойынша грант жеңімпаздарын айқындау мүмкін емес болса, Сараптама комиссиясының Төрағасы осы гранттарды осы өңірдегі басқа бағытқа бөлуге немесе осы грант бойынша конкурсты өтпеді деп тануға құқылы.

3.8.6 Сараптама комиссиясының шешімі отырыста хаттама түрінде ресімделеді.

3.8.7 Конкурс қорытындылары Оператордың ресми интернет-ресурсында жарияланады.

3.9 Осы Ережеде көрсетілген бір немесе бірнеше өңірдегі бір немесе бірнеше бағыттар бойынша гранттық Конкурс мынадай негіздердің бірі бойынша өтпеді деп танылады:

1) бір немесе бірнеше өңірде бір немесе бірнеше бағыт бойынша Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;

2) бір немесе бірнеше өңірде бір немесе бірнеше бағыт бойынша өтінімдердің ешқайсысы Конкурсқа қатысуға жіберілмеген жағдайда;

3) Конкурстың екінші кезеңіне бір немесе бірнеше өңірде бір немесе бірнеше бағыт бойынша өтінімдердің ешқайсысы қатысуға жіберілмеген жағдайда;

4) Конкурстың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша бір немесе бірнеше бағыт бойынша не бір немесе бірнеше өңірде жеңімпаздар болмаған жағдайда.

3.10 Бір немесе бірнеше өңірлерде бір немесе бірнеше бағыттар бойынша Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, Оператор Тапсырыс берушімен келісім бойынша, бірақ тиісті шешім қабылданғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті өңірлердегі тиісті бағыттар бойынша гранттардың қалған санын ұсынуға қайта Конкурс жариялауға құқылы.

3.11 Оператор Сараптама комиссиясының тиісті шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әлеуетті грант алушыларға мемлекеттік емес грант беру туралы шарттың жобасын жібереді, оған алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қойылу керек.

3.12 Осы Ережеде белгіленген мерзімде әлеуетті грант алушының кінәсінен мемлекеттік емес грант беру туралы шарт жасалмаған кезде Сараптама комиссиясы оған мемлекеттік грант беру туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

3.13 Сараптама комиссиясы осы Ереженің 3.12-тармағына сәйкес шешім қабылдаған кезде Сараптама комиссиясы мейлінше жоғары балл жинаған келесі өтініш берушіге мемлекеттік емес грант беру туралы шешім қабылдайды.

3.14 Оператор Тапсырыс берушімен келісім бойынша осы Ережеге, оның ішінде қайталама Конкурсстарды ұйымдастыру және өткізу шеңберінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

#### 4. САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

4.1 Жіберілген өтінімдерді бағалау жөніндегі Сараптама комиссиясы Оператор мен Тапсырыс беруші ұсынған кемінде 5 (бес) сарапшының қатарынан қалыптастырылады.

4.2. Сараптама комиссиясының мүшелері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы хабарлама ұсынады.



4.3. Сараптама комиссиясының Төрағасы Тапсырыс беруші ұсынған мүшелер арасынан сайланады және екінші кезең шеңберінде Конкурс жеңімпаздарын айқындау кезінде шешімдерді қабылдауды біржақты тәртіппен тыйым салуға (вето) құқылы.

4.3.1 Вето қою кезінде Сараптама комиссиясының Төрағасы өз шешімінің себебін түсіндіруден бас тартуға құқылы.

4.4. Сараптама комиссиясының хатшысы Оператордың өкілі болып табылады. Сараптама комиссиясының хатшысы оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

#### 5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер туындаған кезде Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Қол қоюшы үшін және оның атынан	Қол қоюшы үшін және оның атынан
Тапсырыс беруші атынан	Оператор атынан
Қолы: 	Қолы: 
Аты-жөні: Айгүл Барменкудова	Аты-жөні: Ғалым Курман
Лауазымы: Сенімдат бойынша өкіл	Лауазымы: Басқарма Төрағасы



Конкурс Ережесіне  
1-қосымша

Кімге:  
«Азаматтық  
бастамаларды қолдау  
орталығы»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамына  
Кімнен:

(өтініш берушінің толық  
атауын көрсету)

I. Өтініш беруші				
1. БСН				
2. Ұйымның тіркелген күні				
3. Ұйымның толық атауы				
4. Ұйымның заңды мекенжайы				
5. Ұйымның басшысы	Тегі	Аты	Әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері				
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар				
8. Ұйымның байланыс телефоны				
9. Электрондық пошта мекенжайы				
10. Өтініш берушінің веб-сайты				
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)				

12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы	
	1.						

### II. Әлеуметтік жобаның командасы

1. Мәлімделген жоба командасының мүшелері туралы ақпарат	Жобалық команда мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)	Лауазымы	Жобалардың атауын және оларды іске асырудағы рөлін көрсете отырып, әлеуметтік жобаның міндеттеріне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесі	Қызметкердің еңбек өтілі (жылдар санын көрсету)	Әлеуметтік жобадағы міндеттер, жауапкершілік

### III. Жоба туралы

1. Мемлекеттік емес гранттың бағыты (көрсетілген бағыттардың бірін таңдау қажет)	1. Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану; 2. Жер ресурстарын қорғау және қалпына келтіру, тұрақты жер пайдалану; 3. Биологиялық әртүрлілік пен экожүйелерді сақтау және ұтымды пайдалану
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	
3. Әлеуметтік жобаның маңыздылығын негіздеудегі проблеманың сипаттамасы (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық)	



<p>ақпаратты талдау, БАҚ-тағы жарияланымдар және т. б. арқылы анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс)</p>	
<p>4. Әлеуметтік жобаның мақсаты</p>	
<p>5. Әлеуметтік жобаның міндеттері</p>	
<p>6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады)</p>	
<p>7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы</p>	
<p>8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні</p>	
<p>9. Әлеуметтік жобаны іске асырудың аяқталу күні</p>	
<p>10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары</p>	
<p>11. Әлеуметтік жобаның нәтижелері,</p>	

жоспарлы нысаналы индикаторлар					
Сандық нәтижелері					
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері					
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері	Серіктес	Қолдау түрі			
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық сүйемелдеу қалай ұйымдастырылады	Ақпараттық өнім (мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень, т. б.)	Әлеуметтік жоба уақытындағы ақпараттық өнімдердің саны	Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, жеке сайт, әлеуметтік желілер, радио, таратылымдар, т. б.)	Ақпараттың таралу жиілігі	
14. Әлеуметтік жобаның тәуекелдері	Тәуекел	Ықтималдықты азайту және салдарды азайту стратегиясы			
15. Әлеуметтік жобаның тұрақтылығы (қаржыландыру және (немесе) нәтижелерді ілгерілету аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру мүмкіндігі)					
<b>IV. Күнтізбелік жоспар</b>					
№ Р/с	Шешілетін міндет	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер

## V. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздемелер/түсініктемелер
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
	...							
	Жиынында:							



## VI. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- 1) «EcoBatus 2.0» әлеуметтік жобасын іске асыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге арналған Конкурсты өткізу туралы Ережеде айқындалған үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге арналған Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- 2) осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- 3) жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен Конкурста ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- 4) осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- 5) осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- 6) ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- 7) ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- 8) ұйымның басшылары, құрылтайшылары, тапсырыс берушінің және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- 9) ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін;
- 10) атқарушылық іс жүргізу бойынша берешектің жоқтығын және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмағанын;
- 11) ұйымның мемлекеттің және (немесе) мемлекеттік органдардың ұйымның жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатыспайтынын;
- 12) ұйымның құрылтайшылары мемлекеттік/квазимемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері болып табылмайтынын, сондай-ақ ұйымның құрылтайшылары мен қызметкерлері арасында саяси маңызы бар адамдар болмайтынын;

- 13) ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында соттылығы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, сондай-ақ ұйымның алдыңғы шарттық міндеттемелерін жосықсыз орындауы фактілерінің жоқтығын;
- 14) осы өтініммен Конкурса ұсынылған жоба ұйымның 2022 жылы «EcoBatys» әлеуметтік жобасы шеңберінде іске асырылған жобаны қамтымайтынын растайды.

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 (ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

Қол қоюшы үшін және оның атынан	Қол қоюшы үшін және оның атынан
<b>Тапсырыс беруші атынан</b>	<b>Оператор атынан</b>
Қолы: 	Қолы: 
Аты-жөні: <b>Айгуль Барманова</b>	Аты-жөні: <b>Ғалым Құрман</b>
Лауазымы: <b>Сенімхат бойынша өкіл</b>	Лауазымы: <b>Басқарма Төрағасы</b>



Өтінімдерді бағалау өлшемшарттары – Бағалау парағы

Балдар	Бағалау мазмұны	Сарапшы бағасы	Сарапшының түсініктемесі
<b>1. Жобаның өзектілігі және әлеуметтік маңыздылығы</b>			
9-10	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы сенімді түрде негізделді және дәлелденді: – жоба шешуге бағытталған мәселелер егжей-тегжейлі ашылған, олардың сипаттамасы нақты сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштермен, оның ішінде зерттеу нәтижелерімен, ресми статистикалық мәліметтермен дәлелденген және бекітілген; – жоба жобада белгіленген мәселелерді толық шешуге бағытталған; – нысаналы аудитория өкілдерінің, әлеуетті игілік алушылардың, серіктестердің мәселенің өзектілігін растауы бар; – жобаның іс-шаралары гранттың басым бағытына толық сәйкес келеді.		
6-8	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы жалпы негізделді және дәлелденді, бірақ сарапшының ескертулері бар: – шешу үшін жоба бағытталған проблемалар өзекті мәселелердің қатарына жатады, бірақ авторлар олардың жобаны іске асырудың таңдалған аумағы және (немесе) нысаналы топ үшін маңыздылығын асыра көрсетті; – жоба жобада белгіленген мәселелерді шешуге бағытталған; – нақты фактілерге сілтемесіз жалпы сөз тіркестермен сипатталған немесе бұл фактілер мен көрсеткіштер мәлімделген нысаналы топ және (немесе) жобаны іске асыру аумағы үшін проблеманың өзектілігін растау үшін жеткіліксіз; – сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).		
3-5	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы жеткілікті түрде дәлелденген жоқ: – мәселе нысаналы топ немесе жобаны іске асыру аумағы үшін аса маңызды емес; – жоба жобада белгіленген мәселелерді шешуге толық бағытталмаған; – жоба шешуге бағытталған мәселе жеткілікті дәлелденбеген және нақты көрсеткіштерсіз		

	сипатталған, не өтінімде белгіленген аумақтармен өзара іс-қимыл расталмаған; – сарапшының басқа да ескертулері бар (түсініктемемен).		
0-2	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы дәлелденген жоқ; – жоба арналған мәселе қоғам талап ететін санатқа жатпайды немесе авторлармен жеткіліксіз негізделген; – жоба іс-шараларының басым бөлігі мәселені шешпейді немесе таңдалған гранттың басым бағытымен байланысты емес; – сарапшының басқа да маңызды ескертулері бар (түсініктемемен).		
<b>2. Жобаның инновациялылығы, бірегейлігі</b>			
5	Жоба инновациялық, бірегей болып табылады: – жоба мақсатқа және қойылған міндеттерге қол жеткізуге және мәселелерді шешуге бағытталған жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған практикаларды, әдістерді енгізуге бағытталған; – ұйымда сипатталған инновацияларды табысты енгізу үшін ресурстар мен тәжірибе бар.  <i>*Ескертпе: Жобаның инновациялылығы – жобаның мазмұны, нысандары және құралдары бойынша бұрын ұсынылып отырған жобаның өңірінде жүзеге асырылмаған іске асырылуы. Бірегейлік – меншікті (соның ішінде авторлық) технологияларды (әдістерді, әдістемелерді) пайдалана отырып, жобаны іске асыру.</i>		
<b>3. Жобаның логикалық байланыстылығы және іске асырулығы, жоба іс-шараларының оның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелерге сәйкестігі</b>			
9-10	Жоба аталған өлшемшартқа толық сәйкес келеді: – өтінімнің барлық бөлімдері логикалық өзара байланысты, әрбір бөлімде жобаның мазмұнын толық түсіну үшін қажетті және жеткілікті ақпарат бар; – күнтізбелік жоспар жақсы құрылымдалған, егжей-тегжейлі, нақты іс-шаралардың сипаттамасын қамтиды; – жоспарланған іс-шаралар Конкурс шарттарына сәйкес келеді және қойылған міндеттерді шешуді және жобаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді; – жобаның міндеттерін толық көлемде шешуге мүмкіндік беретін нақты және ақылға қонымды мерзімдер көрсетілген.		

6-8	<p>Аталған өлшемшарт бойынша жоба толығымен пысықталды, алайда сарапшының ескертулері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өтінімнің барлық бөлімдері логикалық өзара байланысты, алайда елеусіз мағыналық сәйкессіздіктер бар, бұл жобаның ішкі тұтастығын бұзады;</li> <li>– жоспарланған іс-шаралар Конкурс шарттарына сәйкес келеді және қойылған міндеттерді шешуді және бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен бірге іс-шаралар құрамы толық оңтайлы болып табылмайды</li> </ul>		
3-5	<p>Аталған өлшемшарт бойынша жоба жеткілікті пысықталмаған, сарапшының ескертулері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– күнтізбелік жоспар тек қызметтің жалпы бағыттарын сипаттайды, жобаны іске асырудың дәйектілігін ашпайды, негізгі іс-шаралардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік бермейді;</li> <li>– міндеттер, іс-шаралар мен болжамды нәтижелер арасында логикалық байланыстың сәйкессіздіктері бар;</li> <li>– жобаның мақсаты белгіленген мәселені толық шешуге бағытталмаған;</li> <li>– ұсынылған іс-шаралардың іске асуы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді толық қамтамасыз етпейді;</li> <li>– сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		
0-2	<p>Жоба аталған өлшемшартқа сәйкес келмейді?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоба төмен деңгейде пысықталды, жоба іс-шараларының оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмеуі, жоспарланған қызмет пен күтілетін нәтижелер арасында қайшылықтар бар;</li> <li>– мақсат қоюдағы, міндеттердегі, іс-шараларды сипаттаудағы, жобаның нәтижелеріндегі елеулі қателіктер мұндай жобаны іске асыруды орынсыз етеді;</li> <li>– іс-шараларды орындау мерзімдері дұрыс емес және жобаның мәлімделген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейді, ойластырылмағандықтан, жобаны іске асыруда елеулі тәуекелдер тудырады;</li> <li>– сарапшының басқа да маңызды ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		

<b>4. Жоба шығыстары сметасының шынайылығы және жобаны іске асыруға жоспарланған шығыстардың негізділігі</b>			
9-10	<p>Жоба аталған өлшемшартқа толық сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жобаның шығыстар сметасында жобаның барлық іс-шараларын қаржылық қамтамасыз ету көзделген және жобаның іс-шараларына тікелей байланысты емес шығыстар жоқ;</li> <li>– барлық жоспарланған шығыстар нақты және негізделген;</li> <li>– жобада ұйымда бар ресурстарды белсенді пайдалану көзделген.</li> </ul>		
6-8	<p>Жоба жалпы аталған өлшемшартқа сәйкес келеді, алайда сарапшының елеусіз ескертулері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– барлық жоспарланған шығыстар нақты, міндеттерден, іс-шаралардан тұрады және негізделген, сонымен бірге кейбір шығыстарға түсініктемелерден олардың құрамын (егжей-тегжейін) дәл анықтау мүмкін емес;</li> <li>– сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		
3-5	<p>Жоба тұтастай алғанда аталған өлшемшартқа сәйкес келеді, алайда сарапшының ескертулері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоспарланған шығыстардың барлығы жобаның іс-шараларымен және күтілетін нәтижелерге қол жеткізумен тікелей байланысты емес;</li> <li>– жоба шығыстар сметасында жобаны іске асыруға тікелей қатысы жоқ жанама шығыстар көзделген;</li> <li>– орташа нарықтық еңбекақы деңгейімен, тауарлар, жұмыстар, қызметтер, жалдау бағаларымен салыстырғанда кейбір шығыстар жоғары немесе төмен (шығыстарға түсініктемелерде тиісті негіздемесіз);</li> <li>– кейбір жоспарланған шығыстардың негіздемесі олардың жоба іс-шараларымен байланысын бағалауға мүмкіндік бермейді;</li> <li>– сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		



0-2	<p>Жоба аталған өлшемшартқа сәйкес келмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жобаны іске асыруға жұмсалатын болжамды шығындар анық жоғары немесе төмен бағаланса және (немесе) жоба іс-шараларына, Конкурс шарттарына сәйкес келмейді;</li> <li>– жоба шығыстарының сметасы шындыққа жанаспайды, өтінім мәтініне сәйкес келмейді;</li> <li>– жоба шығыстарының сметасы гранттың нысаналы сипатына сәйкес келмейді, шығыстардың бір бөлігі жоба іс-шараларын орындауға бағытталмайды не жобаны іске асыруға мүлде қатысы жоқ;</li> <li>– жоба сипаттамасындағы және жоба шығыстарының сметасындағы сомалар арасында сәйкессіздіктер бар;</li> <li>– сарапшының басқа да маңызды ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		
<b>5. Жоспарланған қызметке жобалау командасының қызмет тәжірибесі мен құзыреттерінің сәйкестігі</b>			
9-10	<p>Жоба аталған өлшемшартқа толық сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоба жобаны іске асыру үшін қажетті барлық бейіндер бойынша тәжірибелі, білікті және оң беделге ие мамандармен толық қамтамасыз етілген;</li> <li>– өтінімде көрсетілген команданың әрбір мүшесінің жоба барысында елеулі ауыстыруларсыз жобаның күнтізбелік жоспарында және шығыстар сметасында белгіленген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде жоба бойынша сапалы жұмыс істеу мүмкіндігі дәлелденді.</li> </ul>		
6-8	<p>Жоба жалпы аталған өлшемшартқа сәйкес келеді, алайда сарапшының елеусіз ескертулері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоба жалпы тәжірибелі, білікті және оң беделге ие мамандармен қамтамасыз етілген, бірақ кейбір қажетті бейіндер бойынша ақпарат жоқ;</li> <li>– сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		
3-5	<p>Жоба аталған өлшемшартқа ішінара сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өтінімде жоба командасының сипаттамасы қамтылады, бірақ негізгі іс-шаралардың нақты орындаушылары аталмаған не олардың білімі мен тәжірибесі туралы немесе жобаны іске асыру шеңберінде орындалатын функциялар туралы мәліметтер келтірілмейді;</li> <li>– өтінімде көрсетілген жоба командасының мүшелері жобаны іске асыру үшін қажетті тәжірибе мен құзыреттер деңгейіне толық сәйкес келмейді;</li> <li>– сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		

0-2	<p>Жоба аталған өлшемшартқа сәйкес келмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жоба командасының сипаттамасы, оның біліктілігі, өтінімде жұмыс тәжірибесі іс жүзінде жоқ;</li> <li>– тәжірибесі жеткіліксіз және жоба командасы біліктілігінің төмен болуына байланысты жобаны іске асырудың жоғары тәуекелдері бар;</li> <li>– сарапшының басқа да маңызды ескертулері бар (түсініктемемен).</li> </ul>		
-----	---	--	--

Қол қоюшы үшін және оның атынан	Қол қоюшы үшін және оның атынан
<b>Тапсырыс беруші атынан</b>	<b>Оператор атынан</b>
Қолы: _____	Қолы: _____
Аты-жөні: <b>Айгуль Барменкулова</b>	Аты-жөні: <b>Ғалым Құрман</b>
Лауазымы: <b>Сенімхат бойынша өкіл</b>	Лауазымы: <b>Басқарма Төрағасы</b>



**Сараптама комиссиясы мүшесінің гранттар беруге арналған конкурс өтініш беруші мен мүдделер қақтығысының болуы не болмауы (керегін белгілеңіз) туралы хабарлама**

Мен \_\_\_\_\_,  
(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Гранттар беруге арналған конкурстың өтініш берушілерімен мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы хабардар етемін және сараптама комиссиясының мүшесі ретінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде гранттар беруге конкурстың өтініш берушілерімен мүдделер қақтығысының болуы туралы әділдік пен объективтілік қағидаттарын мүлтіксіз ұстануға міндеттенемін (қажеттісін белгілеу);  
Сіз үкіметтік емес ұйымның мүшесі (қатысушысы), жұмыс істеп жатқан құрылтайшысы (керегінің астын сызыңыз) болып табыласыз ба (егер болсаңыз, онда үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):

Сіз басқару органының мүшесі, үкіметтік емес ұйымның басшысы болып табыласыз ба (егер болсаңыз, онда басқару органның, үкіметтік емес ұйымның атауын және атқаратын лауазымыңызды көрсетіңіз):

Сіз соңғы бір жылдың ішінде үкіметтік емес ұйымнан қызмет көрсеткен үшін немесе тікелей қаржылық қолдау көрсеткен үшін төлем алдыңыз ба (егер алсаңыз, нақты қандай қызметтер екенін және үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):


Сізде үкіметтік емес ұйымның қызметкерлерімен жақын туыстық байланыстарыңыз бар (егер болса, қызметкердің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), ол жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымның атауын, туыстық деңгейін көрсетіңіз):

Сізде өзге де ықтимал мүдделер қақтығысы бар ма (болған жағдайда, қандай екенін көрсетіңіз):

Мен мүдделер қақтығысына қатысты саясатты түсінетінімді және осы хабарламаны толтыру кезінде анық ақпарат беретінімді растаймын.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Қолы

Қол қоюшы үшін және оның атынан	Қол қоюшы үшін және оның атынан
Тапсырыс беруші атынан	Оператор атынан
Қолы: 	Қолы: 
Аты-жөні: Айгуль Барменкулова	Аты-жөні: Ғалым Құрман
Лауазымы: Сенімдік бойынша өкіл	Лауазымы: Басқарма Төрағасы



